**Бекітемін:**
*«Мұғалжар аудандық білім бөлімі» ММ басшысы*
*Аманжол В.К.*
*«_____»________2022ж*

**Келісемін:**
*Әдістемелік кабинет меңгерушісінің қызметін у.а. Жайбергенова Ж.М*
*«_____»_______2022ж*

**« Келісемін:»**
*Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебінің директоры*
*Махамбетов А.К.*
*«_____»________2022ж.*

# *Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебінің 2022-2023 оқу жылына арналған*
# ***ОҚУ ЖОСПАРЫ***

***Мұғалжар ауданы 2022-2023ж***

**Түсінік хат**

**2022-2023 оқу жылында** Қайынды ЖББОМ –де білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы **№ 348** бұйрығы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. №557 бұйрығы (ҚР оқу ағарту министрінің 09.09.2022ж. **№394** бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар **3 –қосымшасы**) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ;
- "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі **№ 412** бұйрығы 1**-қосымша.** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы **№ 365** бұйрығы, 5-9 кластар үшін **6 –қосымша**,10-11 кластар үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі **№ 412** бұйрығы 39**-қосымша.**
- “Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер,таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы” ҚР БҒМ 2013 жылғы 13 сәуірдегі **№115** бұйрығы;
- “2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу -тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы” әдістемелік нұсқау хаты 21.07.2022ж № 8 хаттама. Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022ж. – 320 б;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы **№ ҚР ДСМ-76** бұйрығы « Білім беру обьектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалар.
- “Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы” (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы **№ 137 бұйрығы).**

**Мектепалды даярлық сыныбында білім беру процесі:**

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру үшін ҚР оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынды. Осы Стандарттың негізінде жасалған және 2022 жылдың 1 қыркүйегінен қолданысқа енгізілген Үлгілік оқу жоспары қоланылатын болады.

Педагогтерге бағыт бағдар ретінде, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы «әдістемелік нұсқаулық хат» негізге алынды.

2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленіп, төмендегі бағыттар қамтылады:

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

*Тәрбиелеу мен оқыту процесін жүзеге асыруда тәрбиешілер мен педагогтер ҚР ОАМ №130 бұйрығымен бекітілген 3 құжатты жүргізеді: перспективалық жоспар, циклограмма, баланың жеке даму картасы.*

Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

*Стандарт негізінде және ҮОЖ сәйкес* физикалық дамыту, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру:

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);

2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);

3) сөйлеуді дамыту;

4) көркем әдебиет;

5) сауат ашу негіздері;

6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);

7) сенсорика;

8) математика негіздері;

9) құрастыру;

10) қоршаған ортамен таныстыру;

11) сурет салу;

12) мүсіндеу;

13) жапсыру;

14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады.

Қазақстан Республикасының
оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «09» қыркүйек
№ 394бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
3-қосымша

**Мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары (5 жастағы балалар)**

| № р/с | *Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті | Аптасына өткізілу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | | 3 сағат |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | | 2 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас | күн сайын | |
| | Көркем әдебиет | | 2 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас | күн сайын | |
| | Қазақ тілі | | 2 сағат |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | | 3 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет | күн сайын | |
| 4 | Математика негіздері | | 3 сағат |
| | Танымдық, зерттеу әрекеттері | күн сайын | |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу | | 2 сағат |
| | Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу | күн сайын | |
| 6 | Сурет салу | | 1 сағат |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Шығармашылық әрекет, бейнелеу | күн сайын | |
| | Музыка | | 2 сағат |
| | Музыка **** | күн сайын | |
| 8 | Барлығы | - | 20 |

## Вариативтік компонент сағаттары

***Бастауыш білім беруде:***

**1-сыныпта «Математика әлемінде»** - аптасына 1 сағат.

**Мақсаты**: Баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту. Оқушыларға математикалық білім, білік дағдыларын игерту. Пәнге терең қызығушылығын арттыру. Оқушының әсерлілік сезімін қалыптастыру. Оқушының белсенділігін арттыру мақсатында даму деңгейін, танымдық белсенділігін арттыра оқыту.

**Күтілетін нәтиже:** Тұлғаның зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау, ауызша және жазбаша, сонымен қатар, математика тілінде сөйлеу, психомоторика тәрізді функционалдық қасиеттерін дамыту; Көрнекі- бейнелі және логикалық ойлауын дамыту;

**2-сыныпта «Қызықты математика»** - аптасына 1 сағат.

**Мақсаты**: Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже:** Оқу іс- әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді. Әр түрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады. Шамаларды салыстыра білуге үйренеді.

**3-сыныпта «Домбыра»** - аптасына 1 сағат.

**Мақсаты:** Оқушылардың талантымен дарындылы ғын қолдай отырып,өнер әлемін түсінетін шығармашыл орта қалыптастыру. Оқушыларды адамгершілік тұрғыда қалыптасуына жағдай жасай отырып, жас ерекшеліктеріне сай домбыра тарту белсенділіктерін арттыру және сахна мәдениетін үйрету.

**4-сыныпта «Жас шахматшылар»** - аптасына 1 сағат.

**Мақсаты:** Шахмат сабағы арқылы шығармашыл, дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау. Шахмат ойынының тарихымен таныстыру. Әлемдік және Қазақстандық жеңімпаздар өмірімен таныстыру. Оқушылардың шахмат ойынына қызығушылығын , ойлау, есте сақтау қабілеттері дамыта отырып қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже:** Шахмат ойынының ережесін меңгеру арқылы ойнау қабілеттерін шыңдау. Ойнаушының құқығы мен міндеттерін білу. Шахматтың шығу тарихы мен құпияларын түсіну.

**Вариатив компонентінен жаһандық құзыреттілік курстары :**

- 5- 8 сыныптар «**Жаһандық құзыреттер**» курсы әр сыныпта 0.5 бірліктен оқытылады.

  **Мақсаты:** Білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара, мәдениетаралық өзара іс- қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды,бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

- 9- сыныпта **«Зайырлылық және дінтану негіздері»** (1сағат). **Мақсаты:** Құқықтық және діни сауаттылықты қалыптастыруға, білім алушыларда этномәдени және дінаралық келісім негізінде азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.
- 10-11 сыныптарда **«Жаһандық құзыреттілік (Кәсіпкерлік және бизнес негіздері)» (1сағаттан).**
  **Мақсаты:** Кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша оқушыларға базалық білімдер беру; өз таңдауы үшін жауапкершілікке үйрету, кәсіпкерлік ойлау жүйесі мен белсенді өмірлік ұстанымдарын қалыптасыру; қазіргі заманғы нарықтық жағдайда болашақтағы дербес әрекетіне қажетті дағдылардың практикалық базасын қалыптастыру.

**Жаратылыстану -математика бағыты бойынша элективті курстар:**

10 –11 сыныптарда **«Күрделі және эксперименттік есептерді шығару әдістері» - аптасына 1 сағат.**

**Мақсаты:** Физика пәні бойынша мектеп бағдарламасының негізгі және тиімді элементтерін есте сақтап, таңдаулы есептерді дұрыс шығара білуге дағдыландыру. Оқушылардың білім деңгейін арттыра отырып, ұлттық біріңғай тест есептерін шығаруға бағдарламада қамтылған сұрақтарды теренірек кеңейтіп оқыту. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету бағдарлы оқытуды ұйымдастыру; Мектеп бағдарламасын тереңдетіп оқыту және эксперименттік дәлелдемелеріне көз жеткізу; Пәнаралық байланысты нығайту, пәннің қажеттілігін, маңыздылығын ұғындыру; Белсенділікке тәрбиелеу, еңбекке шығармашылық көзқарас қалыптастыру, жаңашылдыққа баулу; Алған теориялық білімдерін практикада қолдана білуге үйрену; Оқушылардың негізгі физика курсындағы білімдерін тереңдету, қызығушылықтарын арттыру.

- 10-сынып **«Физикалық күрделі есептерді шығару әдістері»** (2 сағат).
  **Мақсаты:** Физика пәні бойынша мектеп бағдарламасының негізгі және тиімді элементтерін есте сақтап, таңдаулы есептерді дұрыс шығара білуге дағдыландыру. Оқушылардың білім деңгейін арттыра отырып, ұлттық бірiңғай тест есептерін шығаруға бағдарламада қамтылған сұрақтарды теренірек кеңейтіп оқыту. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету бағдарлы оқытуды ұйымдастыру
- 11-сынып **«Күрделі және эксперименттік есептерді шығару әдістері»**
  (2 сағат). **Мақсаты:** Мектеп бағдарламасын тереңдетіп оқыту және эксперименттік дәлелдемелеріне көз жеткізу; Пәнаралық байланысты нығайту, пәннің қажеттілігін, маңыздылығын ұғындыру; Белсенділікке тәрбиелеу, еңбекке шығармашылық көзқарас қалыптастыру, жаңашылдыққа баулу; Алған теориялық білімдерін практикада қолдана білуге үйрену; Оқушылардың негізгі физика курсындағы білімдерін тереңдету, қызығушылықтарын арттыру.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 412 бұйрығына
**1-қосымша**
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
1-қосымша

## Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің оқу жоспары

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | апталық | жылдық |
| **Инварианттық компонент** | | | | | | | |
| **I** | **Тіл және әдебиет** | **6** | **11** | **11** | **11** | **39** | **1398** |
| 1 | Әліппе,Ана тілі | 6 | - | - | - | 6 | 210 |
| 2 | Қазақ тілі | - | 4 | 4 | 4 | 12 | 432 |
| 3 | Әдебиеттік оқу | - | 3 | 3 | 3 | 9 | 324 |
| 4 | Орыс тілі | | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 5 | Ағылшын тілі | | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| **II** | **Математика және информатика** | **4,5** | **5** | **6** | **6** | **21.5** | **769.5** |
| 6 | Математика | 4 | 4 | 5 | 5 | 18 | 644 |
| 7 | Цифрлық сауаттылық | 0.5 | 1 | 1 | 1 | 3.5 | 125.5 |
| **III** | **Жаратылыстану** | **1** | **1** | **2** | **2** | **6** | **215** |
| 8 | Жаратылыстану | 1 | 1 | 2 | 2 | 6 | 215 |
| **IY** | **Адам және қоғам** | **1** | **1** | **1** | **1** | **4** | **143** |
| 9 | Дүниетану | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 143 |
| **Y** | **Технология және өнер** | **3** | **2** | **2** | **2** | **9** | **321** |
| 10 | Музыка | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 143 |
| 11 | Көркем еңбек | | 1 | 1 | 1 | 3 | 108 |
| Y | Еңбекке баулу | **1** | | | | 1 | 35 |
| | Бейнелеу өнері | **1** | | | | 1 | 35 |
| **YI** | **Дене шынықтыру** | **3** | **3** | **3** | **3** | **12** | **429** |
| 13 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 12 | 429 |
| **Инварианттық оқу жүктемесі** | | **18.5** | **23** | **25** | **25** | **91.5** | 3275.5 |

**Вариативтік компонент**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар** | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 143 |
| "Домбыра" | | | 1 | | 1 | 36 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| “Математика әлемінде” | 1 | | | | 1 | 36 |
| “Қызықты математика” | | 1 | | | 1 | 36 |
| “Шахмат” | | | | 1 | 1 | 3 |
| **Ең жоғарғы оқу жүктемесі** | 19.5 | *24* | 26 | 26 | 95.5 | *3418.5* |

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2023 жылдың 1 қаңтарынан енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 12 тамыздағы
№ 365 бұйрығына
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
6-қосымша

## Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің оқу жоспары

| № | Білім салалаы және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | Апта лық | Жылдық |
| Инварианттық компонент | | | | | | | | |
| I | **Тіл және әдебиет** | 11 | 11 | 11 | 11 | 11 | 55 | 1980 |
| 1 | Қазақ тілі | 3 | 3 | 3 | 2 | 2 | 13 | 468 |
| 2 | Қазақ әдебиеті | 2 | 2 | 2 | 3 | 3 | 12 | 432 |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | 540 |
| 4 | Ағылшын тілі | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | 540 |
| II | **Математика және информатика** | 6 | 6 | 6 | 6 | 6 | 30 | 1080 |
| 5 | Математика | 5 | 5 | - | - | - | 10 | 360 |
| 6 | Алгебра | - | - | 3 | 3 | 3 | 9 | 324 |
| 7 | Геометрия | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 8 | Информатика | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 | 180 |
| III | **Жаратылыстану** | 2 | 2 | 7 | 8 | 8 | 27 | 972 |
| 9 | Жаратылыстану | 2 | 2 | - | - | - | 4 | 144 |
| 10 | Физика | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 11 | Химия | - | - | 1 | 2 | 2 | 5 | 180 |
| 12 | Биология | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 13 | География | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| IV | **Адам және қоғам** | 3 | 3 | 3 | 3 | 4 | 16 | 576 |
| 14 | Қазақстан тарихы | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 10 | 360 |
| 15 | Дүниежүзі тарихы | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 | 180 |
| 16 | Құқық негіздері | - | - | - | - | 1 | 1 | 36 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **V** | **Технология және өнер** | 3 | 3 | 1 | 1 | 1 | 9 | 324 |
| 17 | Музыка | 1 | 1 | | | | 2 | 72 |
| 18 | Көркем еңбек | 2 | 2 | 1 | 1 | 1 | 7 | 252 |
| **VI** | **Дене шынықтыру** | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | 540 |
| 19 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | 540 |
| **Инварианттық оқу жүктемесі** | | 28 | 28 | 31 | 32 | 33 | 152 | 5472 |
| **Вариативтік компонент** | | | | | | | | |
| **Жаһандық құзыреттілік немесе таңдауы бойынша курстар** | | **0.5** | **0.5** | **0.5** | **0.5** | **1** | **3** | **108** |
| « Зайырлылық және дінтану негіздері» | | | | | | 1 | 1 | 36 |
| **Ең жоғарғы оқу жүктемесі** | | **28.5** | **28.5** | **31.5** | **32.5** | **34** | **155** | **5580** |

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 30 қыркүйек
№ 412 бұйрығына
39-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
86-қосымша

## Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары

| № | Оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны | | Жалпы жүктеме | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 10 | 11 | апталық | жыл- лық |
| **Инварианттық компонент** | | | | | |
| 1. | Қазақ тілі | 1 | 1 | 2 | 72 |
| 2. | Қазақ әдебиеті | 2 | 2 | 4 | 144 |
| 3. | Орыс тілі мен әдебиеті | 2 | 2 | 4 | 144 |
| 4. | Ағылшын | 3 | 3 | 6 | 216 |
| 5. | Алгебра және анализ бастамалары | 4 | 4 | 8 | 288 |
| 6. | Геометрия | 2 | 2 | 4 | 144 |
| 7. | Информатика | 2 | 2 | 4 | 144 |
| 8. | Физика | 2 | 2 | 4 | 144 |
| 9. | Химия | 2 | 2 | 4 | 144 |
| 10. | Биология | 2 | 2 | 4 | 144 |
| 11. | География | 2 | 2 | 4 | 144 |
| 12 | Қазақстан тарихы | 2 | 2 | 4 | 144 |
| 13 | Дүниежүзі тарихы | 1 | 1 | 2 | 72 |
| 14 | Құқық негіздері | 1 | 1 | 2 | 72 |
| 15 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 6 | 216 |
| 16 | Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | 1 | 1 | 2 | 72 |
| **Инварианттық оқу жүктемесі** | | **32** | **32** | **64** | **2304** |
| **Вариативтік компонент** | | | | | |
| | Жаһандық құзыреттілік (Кәсіпкерлік және бизнес) | **1** | **1** | 2 | 72 |
| | **Эликтивті курстар** | **2** | **2** | **4** | **144** |
| 1 | «Физикалық күрделі | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | есептерді шығару» | 2 | | 2 | 72 |
| 2 | «Күрделі және эксперименттік есептерді шығару» | | 2 | 2 | 72 |
| | **Вариативтік оқу жүктемесі** | **3** | **3** | **6** | **216** |
| | **Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі** | **35** | **35** | **70** | **2520** |

Оқу ісі орынбасары: Г.С.Жакеева

Аудандық білім бөлімінің бас есепшісі: **Боранбаева Р.У.**

Аудандық білім бөлімінің бас экономисі: **Мукушева Б.З**

Аудандық білім бөлімінің кадр жөніндегі сектор меңгерушісі:

**Байтаков Ж.К.**

Әдістемелік кабинет меңгерушісі міндетін у.а. **Жайбергенова Ж.М.**

Аудандық білім бөлімінің әдіскерлері: **Айтбаева Ж.Ж.**

**Нұрмағамбетова Г.К.**

**Жумабаев Ш.Ж.**

**Байтакова Г.К.**

**Ордашева Г.М.**

**Жолдыбай С.Ж.**

**Буркуталина Ж.Б**